



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Макроэкономикалық сауалнама: сарапшылар негізгі көрсеткіштер бойынша болжамдарын өзгертті

Астана

2026 жылғы 15 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, ЖІӨ, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрі болды.

#### *Мұнай бағасы және экономиканың өсуі*

2026 жылға арналған Brent маркалы мұнай бағасына қатысты болжамдар – барреліне 63,8 АҚШ долларынан **62,5** АҚШ долларына дейін – төмендеу жағына қайта қаралды. 2027 жылға арналған бағалаулар **64,1** АҚШ доллары деңгейінде сақталды. 2028 жылға қатысты күтулер барреліне **67,5** АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты.

Аналитиктердің бағалауы бойынша, экономика болжам кезеңінде мейілінше теңгерімді өсу траекториясына шығып, біртіндеп өзінің әлеуетті деңгейіне жақындайды. 2026 жылға арналған ЖІӨ өсіміне қатысты болжам 4,9%-дан **4,8%**-ға дейін, ал 2027 жылға – анағұрлым айтарлықтай – 5,0%-дан **4,4%**-ға дейін қайта қаралды. 2028 жылы экономиканың өсуі **4,2%** деңгейінде күтіледі.

#### *Инфляция және базалық мөлшерлеме*

2026 жылға арналған инфляциялық күтулер 10,0%-дан **10,8%**-ға дейін қайта қаралды. 2027 жылға арналған бағалаулар айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, **6,9%** деңгейінде қалыптасты (бұрын – 7,0%). 2028 жылы инфляция **6,5%** деңгейінде күтіледі.

Базалық мөлшерлеме бойынша болжамдардың медианалық мәні 2026 жылдың соңына қарай **16,0%** деңгейінде сақталды. 2027 жылға арналған көрсеткіш 13,0%-дан **12,5%**-ға дейін қайта қаралды. 2028 жылы инфляциялық қысымның бәсеңдеуі аясында базалық мөлшерлеме **10,0%**-ға дейін төмендейді деп күтіледі.

#### *Сауалнамаға қатысқан респонденттердің құрамы туралы*

Сауалнамаға Қазақстан бойынша макроэкономикалық көрсеткіштерді талдаумен және болжаумен айналысатын [13 ұйым](#) қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ рейтингтік агенттіктер кіреді.

**Макроэкономикалық сауалнамаға Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін** атап өткен жөн. Онда ішкі және сыртқы нарықтардағы ахуалдың даму барысына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың дербес пікіріне, бағалаулары мен күтулеріне шолу жасалған.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 775 205

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)